

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ



ЖОБА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫ  
МЕН МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА  
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ**

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ**

**ИНСТРУКТИВНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ПИСЬМО**

**ПО ОРГАНИЗАЦИИ  
ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В  
ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И ПРЕДШКОЛЬНЫХ  
КЛАССАХ ШКОЛ, ЛИЦЕЕВ И ГИМНАЗИЙ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
на 2023-2024 учебный год**

Астана, 2023

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама).

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Астана қ. 2022ж.–66 бет.

Әдістемелік нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында меншік түрі мен нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

«Балаларды ерте дамыту институты», 2023 ж.

<b>МАЗМҰНЫ</b>		
1.	Кіріспе	4
2.	Нормативті құқықтық қамтамасыз ету	7
3.	Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	9
4.	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері	27
5.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу	31
6.	Мектепке дейінгі білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету	58
7.	Қосымшалар	
8.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторинг критерийлері мен индикаторлары	35
9	Перспективалық жоспар үлгісі	60
10	Циклограмма үлгісі	61
11	Баланың жеке даму картасының үлгісі	63
12	Әдебиеттер тізімі	65

## КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда; бес жастан бастап балаларды мектепалды даярлау отбасында немесе меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады.

Елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамту бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылды. Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкес 2022 жылдың соңында республикада 11104 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істеді, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 454 бірлікке артқанын көрсетіп отыр. 2022 жылдың соңында осы ұйымдарға 965204 бала, ал 2020 жылы 885033 бала барды.

Бүгінгі күні Елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда. Осыған дейін практика көрсеткендей мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтер кесте бойынша сабақ өткізе отырып, топтағы барлық баланың қалауын ескеруге мүмкіндік болмады, күнделікті көбінесе педагогтің жұмысы өзі ауызша түсіндірумен ғана шектелді немесе уақыт соған ғана жетті, топта белсенді 5-6 баламен ғана түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ал қалған балалардың айтатын ойы ескерілмеді немесе кері байланыс орнатылмады сондықтан қалған балаларда жалығып кету немесе өзімен-өзі болып ойын білдере алмау жағы басым болды. Сондай-ақ көбінесе педагогтер тарапынан уақыттың шектеулі болуына байланысты тек түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ауызша түсіндірілген дағдыларды баланың қолмен жасап көруіне немесе дағдыларды іске асыруда шығармашылық танытуға, оны басқалармен талдауына мүмкіндік болмады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру мектепке дейінгі білім мазмұнын жаңғыртуға сондай-ақ балаларды дамыту мен тәрбиелеуде тәсілдерді өзгертуге мектеп жасына дейінгі балаларға тән жетекші «ойын әркетіне» көшуге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын трансформациялау арқылы икемді стандарт пен оқу жоспарларына, оқу бағдарламасына қол жеткізуге, педагогтердің тәрбиелеу-білім беру процесін әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктерін мен қажеттіліктерін ескере отырып, құруға мүмкіндік берді.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №

394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Жаңартылған мазмұнды жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Нұсқаулықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда педагогтің атқаратын міндеттері, заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілген.

Сондай-ақ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары [6] әзірленді. Әдістемелік ұсынымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің критерийлері мен индикаторлары, әдістері мен тәсілдері және есептеу әдістемесі берілген. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

Отандық және халықаралық тәжірибені, оның ішінде ЮНЕСКО-ның ұсынымдары мен мектепке дейінгі білім беру сапасын жаһандық зерттеулерді талдау негізінде «Ұйымдастырылған іс-әрекет - Үлгілік бағдарлама мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы» деп айқындалды [7, 10 б].

Бүгінде педагогтер балаларды мектепке дейінгі дамыту, тәрбиелеу мен оқытуда ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуде, балалардың түрлі әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ойын түрінде шығармашылықпен ұйымдастыруда ол балалардың білім беру ұйымдарына қызығушылықпен баруға деген ынтасының, күні бойы режимдік сәттерде соның ішінде еркін ойындарда белсенділігінің артқанын, әрекет барысында бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсу арқылы ауызша сөйлеуінің, дербес қимыл белсенділігінің, шығармашылық қабілеттерінің, қарапайым зерттеулер жүргізу арқылы танымдық қабілеттерінің артқанын көрсетіп отыр.

Жаңа мазмұнды іске асыру Модельде айқындалған педагогтің үнемі даму,

балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және қарапайым эксперименттер жүргізуге қабілетті болуға, олардың белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жанашыл болуына, балалардың түрлі әрекеттерін ойын арқылы ұйымдастыруда дағдыларды кіріктіруге қабілетті болуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жан-жақты белсенді болуға тың серпін беруде.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

*Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:*

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы үйрету;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz) сайтында қолжетімді болады.



## НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>



## **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру әрекеті:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі

Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына [2];

2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 1-қосымшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік қағидалар);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары) [3];

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік оқу бағдарламасы) [4];

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру білім беру ұйымдарының топтары мен мектепалды сыныптарында **заттық-дамытушы органы** талапқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Заттық-дамытушы орта - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен

әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды [4];

- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;

- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;

- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

*Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:*

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);

- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);

- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);

- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі).;

- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы);

- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);

- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі).

*Заттық-кеңістіктік дамытушы орта;*

- Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;

- балалардың жастарына сәйкес болуы;

- тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы;

- балалардың эмоционалды жай-күйі мен тұлғасын дамытуға жағдайлар жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;

- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс [24]

<https://youtu.be/1K2tlzb4Lis>;

[https://youtu.be/dn4\\_ZsW72e4](https://youtu.be/dn4_ZsW72e4);  
<https://youtu.be/OLXjwNQiBrk>;  
<https://youtu.be/KLEVAOhLAyY>;  
<https://youtube.com/shorts/ec1n6ihhy-4?feature=share>).

Жиһаз бен жабдықтар баланың бойына және жасына сәйкес келуі, қауіпсіз, тартымды және балаларды дамытатындай болуы керек.

Топтың қабырғаларында орналастырылған материалдар балалар үшін қызықты және пайдалы, олардың жастарына сәйкес болуы, сондай-ақ балаларға белгілі ақпарат беретіндей, яғни Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес болуы тиіс. Балалар өздігінен талдау жасауы және олардың сөйлеуі мен ойлауын, танымдық қызығушылықтарын дамыту үшін топ бөлмелерін балалардың жұмыстарымен безендіру ұсынылады.

Материалдар балаларға анық көрінуі керек, егер материалдардың бірі жоғары орналастырылса, онда балалар оны оңай көре алатындай үлкен болуы керек. Балалар бөлшектерін қарауы үшін көп бөлшектері бар, өлшемі кіші материалдарды (фотосуреттер, суреттер және т.б.) төмен орналастыру қажет.

Үлгілік бағдарламаның мақсатында айқындалған әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу үшін мектепке дейінгі ұйымның топ бөлмелерін балалардың қызығушылықтары бойынша орталықтарға бөлу ұсынылады.

Топтағы орталықтар «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 ақпанда № 13272 болып тіркелген) сәйкес құрылады.

Топты орталықтарға бөлуде бір орталықта белгілі бір әрекет түрімен айналысып отырған балаларға келесі басқа орталықтағы балалар кедергі келтірмейтіндей болуы және орталықтарды бөліп тұратын арасынан өтетін орын қарастырылуы қажет. Әрекет барысында барлық баланы педагогтің бақылауы үшін орталықтарды аласа сөрелермен, сюжетті ойын жабдықтарымен немесе жұмсақ төсеніштермен бөлуге болады.

Орталықтар тек топ бөлмесінде ғана емес, сонымен қатар жатын бөлмеде, қабылдау бөлмесінде, егер жағдай жасалған болса, балабақшаның дәлізінде де құрылуы мүмкін.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдарда жатын бөлмесін орталықтарды құруға кеңінен қолдануда. Бұл орталықтарда мектепке дейінгі ұйымның басқа топтары да қолдана алады. Мұнда топтан жатын бөлмеге кіретін есік, сондай-ақ дәлізден басқа топтар үшін орталықтарға кіретін есіктер қарастырылған.

Орталықтардағы ойын материалы әртүрлі, тартымды, балалардың өздігінен қолдануы үшін жеткілікті мөлшерде болуы және олар үшін қол жетімді жерде сақталуы керек.

Жұмсақ төсеніштерге топтың кілемдерін қолдануға болады. Балалардың қауіпсіздігін және тазалықты сақтау (салқын күндері кілемді үнемі жуу немесе кептіру мүмкін емес болуы) үшін кілемдердің сыртын қазақтың ою-өрнектерімен, геометриялық фигуралармен безендірілген, жұмсақ матадан (велюр, атлас, шыт және басқалар) тігілген тыспен қаптап қоюға болады.

Сондай-ақ жұмсақ төсеніштерді балалардың жасына сәйкес құрастырмалы пазлдар, геометриялық фигуралар түрінде, төрт түлік бейнесінде ішін паралоннан сыртын матамен қаптап, қазақтың ою-өрнектерімен безендіріп, сыртын ауыстырып қаптап отыруға ыңғайлы етіп жасауға болады.

Төсеніштерді осы сілтемелер арқылы көруге болады[24]:

<https://youtu.be/id2mksQbCrY>;

<https://youtu.be/Z2FpTlieFiQ>

Балалар жеке төсеп отыратын шағын көрпелерді де ішін мақтамен сыртын төзімді матамен қаптап, жасауға болады.

Бұл төсеніштерді топта, сондай-ақ серуенде және жазғы сауықтыру кезеңінде аулаға алып шығып, балалардың ойын және басқа да түрлі әрекеттерінде қолдануға болады.

Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру әрекетіне тарту және «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстарын жандандыру үшін осындай төсеніштерді ата-аналармен бірге ықпалдастықта ұйымдастыру ұсынылады.

Сюжетті-рөлдік ойындар орталығы – мұнда балалардың жасына сәйкес ойындарға қажетті мынадай материалдар мен ойыншықтар: ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждарын орналастыру ұсынылады.

Театрландырылған ойындарға арналған бұрыш – мұнда шымалдық, ертегі кейіпкерлерінің маскалары, қуыршақ, саусақ, үстел үсті, көлеңке және басқа түрлі театрлар, әртүрі мамандыққа арналған балалар киімдерін, кейіпкерлердің костюмдерін және басқаларды орналастыруға болады, балалармен бірге костюмдер, атрибуттар, декорацияларды әзірлеу ұсынылады.

Ойындарға арналған атрибуттарды таңдау, әртүрлі ойын түрлерінде балалардың қызығушылықтарын жүзеге асыруға жағдай көзделеді. Дизайндың әсемдігі оның заманауи материалдардан жасалуы мектеп жасына дейінгі балалардың ойнауға деген құштарлығын тудырады. Таңдалған ойын материалы әртүрлі сюжеттерді біріктіруге, жаңа ойын бейнелерін жасауға мүмкіндік береді.

Театрда мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің кейіпкерлерінің күтпеген қырларын көрсете отырып ашылады. Ұялшақ балаларда ойындарға қатысқаннан кейін сенімділік пен белсенділік пайда болады.

Осы сюжетті-рөлдік ойындар орталығы мен театрландырылған ойындарға арналған бұрышты бір-біріне жақын жерге жасақтаған ыңғайлы болады.

Демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшік, 1-2 баланың

топтағы балалардың қызу әрекетінен алшақтап, демалуына немесе бірлесіп, кітап қарауға және дербес ойнауына ыңғайлап жасақталады. Демалыс орнын жұмсақ балалар креслоларымен және диванмен ал үйшікті шағын көрпелер мен жастықтар, жұмсақ ойыншықтармен жабдықтауға болады. Балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікті матадан жасалған шатыр немесе киіз үй формасында қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендіріп жасауға болады.

Демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікті баяу ойналатын ойындар орталығына жақын жерден ұйымдастыру ұсынылады.

Кітап бұрышын балалардың күнделікті кітаптарды өздігінен қарастыруға, ондағы таныс шығармаларды бір-бірімен талдауға мүмкіндік беру, күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың пікірлерін тыңдау үшін топта балалардың жасына сәйкес кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио, видео шығармалардан ұйымдастыруға болады.

Кітап бұрышы балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. ықпал етеді.

Кітап бұрышын демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікке жақын жерде орналастыру балалар үшін ыңғайлы болады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау), сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді), демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы, үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы, жазық геометриялық пішіндр жиынтығы, көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стақандар мен қасықтар (мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында), әртүрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, сандар қассасы, санау материалы, санау таяқшалары, сандарды зерттеуге арналған ойын кілемшесі, иінтіректері бар оқу таразысы, электронды зияткерлік ойындар, шахмат, дойбы, 20-25 бөлшекті пазлдар, 100 бөлшекті пазлдар, әртүрлі тақырыптағы лото, суретті домино, дамытушы үстел ойындары, мозайка және басқалар балалардың жасына сәйкес орналастырылады.

Бөбек жасы топтарында осы жас топтарында балаларды түспен, пішінмен, көлеммен таныстыруға, ұсақ және ірі моториканы дамытуға, кеңістікті бағдарлауға ықпал ететін сенсомоторлы орталық құру ұсынылады. Онда әр түрлі көлемдегі пирамидалар, баулармен, түймелермен, белдіктермен, құлыптармен және үстел үсті ойыны заттары, ірі моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, ойыншық арбалар және басқалар орналастырылады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту орталығы балаларға арналған жиһазбен, жұмсақ төсеніштермен жабдықталуы қажет.

Құрастыру және робототехника орталығы – ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструкторлар, ірі және ұсақ құрылыс материалдарымен үстел үстінде немесе жұмсақ төсеніштің үстінде балаларға құрастыруға ыңғайлы және құрастырылатын құрылысты басқа балалардың бұзып кетпейтіндей жағдайда жасақтауға болады.

Мұндай орталықтың балалар шығармашылығын, құрастыру қабілеттерін дамытуда маңызы зор. Орталық барынша мобильді болғаны дұрыс. Құрылыс бұрышының мазмұнын түрлі қажетті заттармен (әр түрлі конструкторлар, текшелер, үлкен және ұсақ құрылыс материалдары, құрылыстың үлгілері мен сызбалары), конструкциялық элементтерден, мүсіндерден, объектілерден, технологиялық карталардан және әдістемелік құралдан тұратын конструкторлық жиынтықтармен, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған конструкциялық элементтері, сездіргілері, микроконтроллері және әдістемелік құралы бар робототехникалық жиынтықтармен, ойын алаңы, бағдарламаланатын робот-ойыншық, тапсырмалары бар кәртішкелер және әдістемелік құрал бар алгоритмдермен кодтау дағдыларын дамытуға арналған жиынтықтармен және басқалар толықтыра отырып, барлық топпен, шағын топтармен және жеке-жеке құрастыру әрекетін ұйымдастыруға ыңғайлы етіп жасақтау ұсынылады.

Табиғат және ғылым бұрышындағы материалдар мыналарды қамтиды:

1) балалар бақылайтын және күтім жасайтын тіршілік иелері (бөлме өсімдіктері, үй жануарлары, құстар); 2) табиғи нысандар (жапырақтар, бүрлер, тастар, қабықтар, тұқымдар, дәндер, бор, қауырсындар, көмір, микроскоптар, өсімдіктер гербарийлерінің жиынтығы және т.б.); 3) табиғат күнтізбесі, табиғат туралы кітаптар (оның ішінде сөйлейтін кітаптар), жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары; 4) «дыбыс», «су және ауа», «жылу» тақырыптары бойынша эксперимент жүргізуге арналған құралдар, сондай-ақ магнит, өлшейтін ыдыстар, лупа, матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар, тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар), суару ыдыстары, қопсытқыш таяқшалар, бүріккіш бөтелкелер, өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы және тағы басқалар; 5) құм, ойыншықтары бар су.

Табиғат және ғылым орталығына балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін оны табиғи материалдан жасалған балалар қолөнері бұйымдарымен, табиғат экспонаттарымен, икебандармен безендіру ұсынылады.

Табиғат және ғылым орталығында педагог балалармен бақылаулар, қарапайым тәжірибелер, танымдық, зерттеу, еңбек әрекеттерін, қоршаған ортамен таныстыруды ұйымдастыруға болады. Балалармен танымдық, зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру олардың қоршаған әлем туралы түсініктерін байытуға, зияткерлік және тұлғалық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Бұл орталықты қарапайым тәжірибелер жүргізу үшін балаларға арналған жиһазбен жабдықтау қажет.

Шығармашылық орталығы балалардың қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылығын қалыптастырады, балалардың өздігінен бейнені жасауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді. Мұнда балалар қызығушылықпен

сурет салады, мүсіндейді, жапсыру жұмыстарын орындайды.

Шығармашылық әрекетке арналған материалдар мен құралдар:

- қарындаштар (қарапайым, түрлі түсті), бор, фломастерлер, бояулар, гуашь, кылқалам, сызғыш, сорғыш қағаз сүлгілер, пластмасса стақандары;

- бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, қамыр, саз, ағаш, желім;

- фигуралы үлкен трафареттер;

- боямақтар;

- жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч;

- зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар;

- балаларға арналған мольберт;

- матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар;

- тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар);

- дидактикалық ойындар;

-халықтық-қолданбалы өнер үлгілері бар альбомдар, танымал суретшілердің иллюстрациялары;

-дыбыстық музыкалық аспаптар, әртүрлі сылдырмақтар, музыкалық ойыншықтар, қоңыраулар.

Барлық материалдар мен құралдар балаға қолжетімді жерде орналастырылуы қажет.

Балалар жұмыстары еркін қол жетімді қабырғада немесе сөреге балалар өздері орналастыра алатындай, көпшілік назарына ұсынылады.

Шығармашылық орталығына балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін оны табиғи материалдан жасалған қазақ халқы қолөнері бұйымдарымен, тұрмыстық заттарымен толықтыру ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымның ғимаратында орналасқан кабинеттерді, дәліздерді және жер учаскесіндегі балалар алаңының білім беру әлеуетін арттыру, олардың барлық мүмкіндіктерін білім беру ресурсы ретінде кеңінен тиімді қолдану.

Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен салт-дәстүрлерімен таныстыру, Отанның тарихы мен мәдениетіне баулу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту үшін мектепке дейінгі ұйымда арнайы орын немесе кабинет жасақтау. Мұны балалар ішіне ойнап отыруға ыңғайлы жартылай алдыңғы жағы ашық киіз үй макетімен және оның жабдықтарымен, қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, музыкалық аспаптарымен, әшекей бұйымдарымен, ұлттық киімдерімен және басқалармен жабдықтау. Сондай-ақ қазақ халқының ұлттық ойындарын («асық», «бес тас» және басқалар) ойнауға орындарды жабдықтау. Сонымен бірге осы жерде балалардың түрлі әрекеттерін, сондай-ақ «әжелер мектебі», «аналар мектебі», «әкелер және аталар мектебі» жұмыстарын және басқа да шараларды ұйымдастыруға болады[24].

<https://youtu.be/EzgW1rEERC8>;



[https://youtu.be/E\\_aimvc5un0](https://youtu.be/E_aimvc5un0)

Мектепке дейінгі ұйымның дәлізінде балалардың өміріне қажетті дағдыларды меңгеруі үшін бауларды байлау, түрлі құлыптар мен сырғытпаларды (замок) ашу және жабу және т.б. ойындар және басқаларды өзбетінше ойнау арқылы игеру үшін қабырғаларға балаға қолжетімді жерге іліп қою қажет. Қабырғаларға ілінетін мұндай жабдықтарды «әкелер мектебінде» әкелермен бірлесіп жасауға болады.

<https://youtu.be/WFlvA-69EIY>;

[https://youtu.be/utc\\_PknOrgA](https://youtu.be/utc_PknOrgA);

<https://youtu.be/CpCZTNqFv3A>

Сондай-ақ дәліздің қабырғаларына топтағы әрбір баланың түрлі әрекетпен айналысу кезіндегі, өзінің отбасымен бірге өткізген қуанышты сәттерінен фотосуреттерді, фото салатын жақтауға орналастырып, жиектерін түрлі жіптермен, гүлдермен және басқа да түрлі материалдармен безендіріп, іліп қоюға болады бұл балалардың мектепке дейінгі ұйымның толыққанды белді мүшесі ретінде сезінуіне осы фотосуреттерге қарап қуанышқа бөленуіне, өз отбасына деген сүйіспеншілігін арттырып, отбасы құндылықтарына баулуда маңызы зор. Фотосуреттердің жақтауларын безендіруді балалардың ата-аналармен бірлескен әрекетінде ықпалдастықта ұйымдастыруға болады[24].

<https://youtu.be/CpCZTNqFv3A>

Балалардың балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігін, шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін жан-жақты дамыту үшін мектепке дейінгі ұйымның дәлізінде мольберттерді орналастырып, шығармашылық орталығын ұйымдастыруға да болады.

Мобильді кітапхана. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың көркем шығарманы тыңдау, түсіну және мазмұнын айтып беру, сондай-ақ балалардың сөйлеуін дамыту мен баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау үшін мектепке дейінгі ұйымның дәлізінде немесе кабинетте мобильді кітапхана ашуға болады. Онда кітаптарды және педагогтердің алдын-ала әзірлеген ертегілері, шығармалары, өлеңдер, тақпақтар және басқалардың аудио жазбасын жылдам жауап беру кодымен (QR) карточкаларға орналастырып, балалардың жасына сәйкес реттілікпен қоюға болады. Мобильді кітапхананы балаларға ыңғайлы жұмсақ төсеніштермен, кресломен, үстел, орындықтармен жабдықтауға болады. Балаларды дамыту мен тәрбиелеуге ата-аналарды тарту үшін, ата-аналар балаларымен бірге шығарманы тыңдауға немесе жаттауға берілген тақпақтарды, өлеңдерді үйде балаға үйретуге жазып алуына және кітапхана қорын құру үшін (аудио жазбаларды балалармен бірге әзірлеу) ата-аналарды баулыған жөн. Мобильді кітапхананы мына сілтемелерден көруге болады[24]:

<https://youtu.be/-ikRidBn75M>

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін



міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 1- қосымшасына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесіне» сәйкес [25] педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады.

Перспективалық жоспарды Үлгілік оқу жоспары [3] мен Үлгілік оқу бағдарламасына [4] сәйкес тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп және мектепалды сынып тәрбиешісі оқу жылы басталғанға дейін бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынады. Міндеттерді балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алуға, өзгертуге немесе түрлендіруге болады.

### Тәрбиелеу-білім беру процесі



перспективалық жоспарға (2-қосымша);  
циклограммаға (3-қосымша);  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік  
бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша мониторинг

*Циклограмма* әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы *күн тәртібіне* сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Мектеп жасына дейінгі балалар күнделікті өмірде жаңамен танысады, айналадағы қоршаған ортадағы заттарды зерттейді, бұл осы жастағы балаларға тән процесс болып табылады. Балалар барлығы бірге ұйымдастырылған іс-әрекет барысында немесе педагогтің басшылығымен ғана үйренеді деген жаңсақ пікір. Балалар күнделікті өмірде жаңаны танып, сол туралы кез-келген уақытта сұрайды немесе ол туралы өз пікірін білдіреді. Сондықтан да педагог режимдік сәттерді ұйымдастыруға, алдын-ала Циклограмманы құрастыруға ерекше көңіл бөлуі

қажет.

Циклограмма төменде берілген режимдік сәттер бойынша құрастырылады.

#### *Таңертең балаларды қабылдау*

Таңертең балаларды қабылдаудағы маңызды іс-әрекет бұл әрбір баламен сәлемдесе білу. Балаларды сәлемдесуге үйретуде көп жағдайларда кіші топтардан бастап топқа ересек неше рет келсе сонша рет амандасуды немесе бірнеше тілде амандасу балаларды жалығып кетуге итермелейді, сондықтан күніге тәрбиешімен және басқа да ересектермен бір рет бір тілде анық амандасуды әдетке айналдыру қажет. Балалармен сәлемдесе отырып, жеке-жеке әрқайсысына көңіл бөлу баланың күні бойы көтеріңкі көңіл күйде болып, жан-жақты үйлесімді дамуына зор ықпал етеді.

Балаларды қабылдауда педагог өзі көтеріңкі көңіл күйде болып, баланы қарсы алғанда, әрдайым оны көргенгеніне қуанатынын, жақсы көретінін білдіруі, әрбір баланы атымен атап, жақын тартып, ол үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесуі қажет.

Циклограмманың осы бөлімін толтырғанда аптаның бес күніне жеке-жеке тоқталмай, барлық күнге ортақ қысқаша сипаттама беруге болады.

Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйретуге, еңбек әрекетін: бөлмедегі гүлдерді суаруды, кітаптарды реттеуді, ойын алаңында жапырақтарды жинауды және басқаларды ұйымдастыруға болады.

Жазды күні балаларды қабылдауды таза ауада (ауа-райының жағдайларына байланысты) ұйымдастырған дұрыс. Бұл кезеңде еңбек әрекетін жер учаскесінде ұйымдастыруға болады.

*Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру* режимдік сәтінде олармен сәлемдесу және ата-аналарды толғандыратын шұғыл, туындаған өзекті мәселелерді талқылау ұсынылады. Осы бөлімді Циклограммада жоспарлауда ата-аналарға берілетін кеңесті алдын-ала апта күндеріне бөліп көрсету қажет емес, бұл бөлімде де қысқаша жалпы сипаттама беруге болады.

*Балалардың дербес әрекеті* (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) кезінде балалардың қалауымен шағын топтармен еркін ойындармен айналысуына жағдай жасаған жөн.

Циклограммада педагогтермен ойындардың картотекасы жинақталған болса онда сол картотека номерін көрсетуге болады [24].

<https://youtu.be/puChD5OvCSY>;

<https://youtu.be/agrKElhyEmE>;

<https://youtu.be/qs2axjRmNBg>

<https://youtu.be/OxtQBk7Tok8>

#### *Таңертеңгі жаттығу*

Таңертеңгі жаттығу дене белсенділігінің бір түрі, ол бұлшық еттер мен буындарға физикалық жаттығулар кешенін құрайды.

Таңертеңгі жаттығулар балалардың күні бойы сергек белсенді болуына, күнді сәтті ұйымдастыруға, жағымды эмоционалды көңіл-күйді қалыптастыруға және

балалар ұжымын біріктіруге ықпал етеді.

Таңертеңгі жаттығу күн тәртібінің міндетті бөлігі және күн сайын таңғы ас алдында өткізіледі, жылдың жылы мезгілдерінде таңертеңгі жаттығуды таза ауада, аулада ал салқын күндері топ бөлмесінде немесе таңертеңгі жаттығуды өткізу кестесіне сәйкес спорт залында, мектепке дейінгі ұйым дәлізінде, холында балаларға ыңғайлы жағдайларда өткізуге болады.

Таңертеңгі жаттығуды музыкамен немесе балаларға арналған әндермен ойын түрінде оларды қуанышқа бөлейтіндей қызықты етіп ұйымдастыру қажет. Дене белсенділігіне балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін дене жаттығуларын, кимылдарды немесе музыканы ауыстырып, түрлендіріп отыру маңызды.

Таңертеңгі жаттығуды жүйелі өткізу балаларды күнделікті дене жаттығуларын жасауға дағдыландырады.

Циклограммада педагогтермен таңғы жаттығулардың картотекасы жинақталған болса онда сол картотека номерін көрсетуге болады[24].

[https://youtu.be/lSkOYLbEuu0;](https://youtu.be/lSkOYLbEuu0)

[https://youtu.be/oIfdCCCS2eQ;](https://youtu.be/oIfdCCCS2eQ)

[https://youtu.be/vx1Sim3Jz3Q;](https://youtu.be/vx1Sim3Jz3Q)

<https://youtu.be/N5LFdPo2QcQ>

#### *Тамақтану*

Тамақтануға дейін және тамақтанып болған соң мәдени-гигиеналық және өзіне қызмет көрсету дағдыларын сақтау, қолдарды дұрыс жуу, асхана құралдарын қасық, шанышқы, майлықты дұрыс қолдануды және балалардың жасына сәйкес басқа да дағдыларды үйрету қарастырылады.

Тамақтану кезінде балалардан толық тыныштықты талап етпей, өздерін еркін сезініп, бір-бірімен жай әңгімелесуге мүмкіндік беру ұсынылады. Балаларды асықтырмай, оларды орынсыз ескертпелермен алаңдатпай, тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесе отырып, балалардың назарын тағамға аудару қажет. Кейбір балалардың тамақты асықпай жейтінін ал кейбір балалардың жылдам жейтінін ескере отырып, оларды асықтырмай, керісінше тамақты жақсылап шайнауға, тәрелкедегі тамақтың бәрін тауысып ішуге, жеуге үйрету керек.

Балаларды үстел басында тамақты күтіп отыруға немесе тамақтанғаннан кейін үстел басында отыруға мәжбүрлеуге болмайды. Тамақтанып болған балаларға үстелден тұрып, ойнауға мүмкіндік беру қажет.

Аталған бөлім бойынша Циклограммада балалардың жасына сәйкес олармен жеке жұмыстарды жоспарлауға болады.

[https://youtu.be/s7MFTlIOhPk;](https://youtu.be/s7MFTlIOhPk)

<https://youtu.be/4EWAXsFvqZM>

[https://youtu.be/zbeYvWI9YyE;](https://youtu.be/zbeYvWI9YyE)

[https://youtu.be/C2T9ws-Fcis;](https://youtu.be/C2T9ws-Fcis)

<https://youtu.be/KsXdpGSnz7I>

<https://youtube.com/shorts/3qFQx8NbxYM?feature=share>

## *Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық*

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез- құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыруда бұрынғыдай айлық немесе апталық өтпелі тақырыптар емес ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу үшін педагог қалауы бойынша бір күнге бір тақырып алуға немесе тақырыпсыз өткізуге де болады. Тақырыптарды балаларды не қызықтыратынын, не туралы білгісі келетінін алдын-ала сұрастырып немесе «Менің білгім келеді» тақтасына суреттерді жапсыру арқылы балалармен бірге таңдауға немесе педагог Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес сондай-ақ жыл мезгілін, атаулы мереке күндерін ескеріп, өзбетінше таңдауға да болады.

Дайындық бөлімінде педагог:

- алдын-ала оқылатын көркем әдебиеттің балалар үшін маңызды тұстарын жеткізу үшін өзі оқып шығуы;

- балаларға меңгеру үшін ұсынылатын дағдыларды (физикалық қасиеттер, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар) кіріктіре білуі;

- ұйымдастырылған іс-әрекет мектепке дейінгі ұйымның басқа да мамандарымен бірлесіп өткізілетін болса, онда олардың әрқайсының әрекетін үйлестіру үшін алдын-ала ойластырылуы;

- алдын-ала топты, кабинетті және басқа орындарды балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеуі қажет.

*Ұйымдастырылған іс-әрекеттер*

Мектепке дейінгі ұйымдардың топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттерді барлық топпен бірге немесе шағын топтармен қызығушылық орталықтарында ұйымдастыруға болады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде педагог түсіндіруге уақытты көп бөлмей оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындауына, ойнауына, өз пікірін білдіруіне, зерттеуіне, құрастыруына, сурет салуына, шешім шығаруына және басқаларға мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- балаларға айтып беру;

- балаларға көрсету;

- балалармен бірге орындау.

*Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.*

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілі (штаттық кестеге сәйкес қазақ тілі маманы болған жағдайда), дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері кестесі бойынша өткізіледі. Ал қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер әр баланың қызығушылықтары, ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, балалардың түрлі әрекеттері арқылы ойын түрінде кіріктіріп ұйымдастырылады[24].

<https://youtu.be/7ioJrFhmMaY> ;

<https://youtu.be/uJvqCZdP6hE>;

<https://youtu.be/029aIRAlhNs>;

<https://youtu.be/40ekBGUJAdI>;

<https://youtu.be/gZcsnfMC7Gc>;

<https://youtu.be/DkodW3zczd4>

<https://youtu.be/myhLroyBzUg>;

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс әрекеттерді тек топ бөлмесінде ғана емес сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттер болған жағдайда кабинеттерде, дәліздерде, ойын алаңдарында, серуен кезінде және т.б. балаларға ыңғайлы жағдайларда өткізу ұсынылады[24].

<https://youtu.be/vnjWh2SoPx8>;

[https://youtu.be/tTQ1\\_FFBN0U](https://youtu.be/tTQ1_FFBN0U)

<https://youtu.be/zsQOY1m5CN0>;

<https://youtu.be/c9hG0RCd7>;

<https://youtu.be/OjP26xfm4NE>

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуде балалар қызығушылықтарына сәйкес үнемі белгілі орталықтарды ғана тандауына жол бермеу үшін топтағы барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтырып, өткізілетін ойындарды алдын-ала ойластыру ұсынылады[24].

<https://youtu.be/mmbjtqTO1lk>

<https://youtu.be/GGqFAxxs-7Q>;

<https://youtu.be/CzUjbhXWfBI>;

<https://youtu.be/qTssLFG2PYk>

Мектепалды топта, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны аптасына - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектепалды топтарда балалардың



қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады[24].

<https://youtu.be/RZs5fYA5sHg>

[https://youtu.be/wFuUz2s\\_Yr0](https://youtu.be/wFuUz2s_Yr0);

<https://youtu.be/LcskX49cFTY>

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайды. Циклограммада ұйымдастырылған іс әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады. Циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып, шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайды[24].

<https://youtu.be/EWQqkx3Xf74>

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. <https://youtu.be/X8n9h0o7dM0>

Түрлі жас топтары перспективалық жоспарында балалардың жасына сәйкес (егер 3, 4 немесе 5 жастағы балалар болса онда осы аталған жас балалары үшін) Үлгілік оқу бағдарламасына [4] сәйкес міндеттер жеке-жеке көрсетіліп, ортақ бір жоспар жасалады (1 қосымша). Ал циклограмманы жасауда осы міндеттерді шешу үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады. Балалардың түрлі әрекеттерін ойын түрінде ұйымдастыруда балаларға тапсырмалар жасына сәйкес беріледі.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекеттер бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылады. Одан соң Перспективалық жоспарда айқындалған әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша міндеттерге жету үшін бір күнге бірнеше міндеттер айқындалады.

Тақырыбы «Менің үйім» ортаңғы топ

*«Сиқырлы әлем» ойыны*

- киіз үй суретінің ішінде жасырылған заттарды жарықтың көмегімен табу, сұрақтарға жауап беру, суреттегі затты сипаттау («сөйлеуді дамыту», «көркем әдебиет», «қоршаған орта»);

- «Бақыт мекені» ойыны берілген бөліктерді көлемі, пішіні бойынша салыстыру, олардан үй құрастыру, құрастырылған үйі туралы айту («математика негіздері», «сөйлеуді дамыту», «құрастыру», «қоршаған орта»)

### *Еркін ойындар*

Арнайы жасақталған қызығушылық орталықтарында балалардың еркін ойындары мен дербес әрекеттері үшін уақыт бөлінуі керек.

Еркін ойын балалардың кез-келген еркін әрекеті, ол тек ойын сипатында ғана болмайды, басқа да әрекет түрінде болуы мүмкін (мысалы, өз қалауы мен ойлауы бойынша сурет салу, ұсақ моториканы дамыту үшін материалдарды қолдану және т.б.).

«Еркін ойын» баланың ойынға арналған материалдарды және ойындағы серіктесін өздігінен таңдауын, ойын кеңістігінде өз қалауы бойынша әрекет етуін білдіреді. Бірақ, мектеп жасына дейінгі балалар еркін ойынды өздігінен басқара алмайтындықтан, педагогке баламен өзара әрекет ете отырып, оған бағыт беру, әңгімелесу арқылы жетекші сұрақтар қою және баладан толық жауаптар алу ұсынылады [24].

[https://youtu.be/LZYSO4PE3\\_Q](https://youtu.be/LZYSO4PE3_Q)

Педагогтің міндеті — әр балаға өзінің қызығушылықтары бойынша әрекетпен айналысуға жағдай жасау, балалардың зерігуін болдырмау.

Еркін ойын балалардың ойын әрекетін дамытуға септігін тигізеді, ол ересектердің қатысуымен де, қатысуынсыз да өткізіледі, еркін ойын балаға өзін белсенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Ойынның мәні-балаға еркіндік берілуінде. Бала өзі ересек адамның қатысуынсыз, қоршаған ортадан көргендерінің бәрін ойынға енгізеді. Ойынның мазмұнын балалардың өздері толық анықтайды және кейде мүлдем күтпеген оқиғалар болуы мүмкін. Бұл жағдайда таным процесі жетілдіріледі. Еркін ойын - балалардың өз ерік-жігерін сыртқы әлемнің заттарын тануға бағыттайтын, әртүрлі біліктер мен дағдыларды меңгеретін табиғи әрекеті. Балалар өз ойларының ықпалымен өз бетінше әрекет етеді, оларды жүзеге асырады, әлемді таниды. Алдын-ала әзірленіп, ұйымдастырылған ойын қызықсыз болуы мүмкін және бұл ойында балалар шынайылық танытпайды.

Тәрбиешінің міндеті- балаларды әртүрлі, қарқынды ойын әрекеттеріне, еркін ойын ұйымдастыруға ынталандыру балаларға ойын барысында қажет болуы мүмкін заттарды (үстелдер, орындықтар, мата қиындылары, орамалдар, тақтайшалар, төсеніштер, жастықтар, әртүрлі табиғи материалдар және т.б.) дайындау немесе олардың қиялын оятуға мүмкіндік беру[24].

<https://youtu.be/RKVf1UwpmKw>

<https://youtu.be/YhrUVzV-kDQ>

[https://youtu.be/\\_E1ee0XGo4w](https://youtu.be/_E1ee0XGo4w)

<https://youtu.be/Q-15td3aYIc>

<https://youtu.be/hw-SaijUqFs>

<https://youtu.be/yjYIIJZ5YfQ>

### *Серуенге дайындық*

Серуенге дайындық кезінде тәрбиешілерге балаларды өзіне қызмет көрсетуге,

өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту ұсынылады.

<https://youtu.be/-DkKD6k1j5o>

<https://youtu.be/-3aFXevdK4U>

*Серуен*

Күнделікті серуендеу балалардың денсаулығын нығайту, олардың қимыл белсенділігіне деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, шаршаудың алдын алу үшін маңызды.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес серуендер ауа-райы жағдайы ескеріле отырып, күн сайын жүзеге асырылады[11].

Балалардың күнделікті таза ауада серуенде болуы оның физикалық дамуына әсерінің маңыздылығын ескере отырып, серуеннің мазмұнын жан-жақты ойластыру, оны балалар үшін қызықты түрлі әрекеттермен: ойын (дербес қимылды және сюжетті ойындар, ұлттық ойындар), танымдық, коммуникативтік, зерттеу әрекеті және басқалармен өткізу қажет.

Серуен мынадай құрылымдық элементтерден тұрады:

- балалардың дербес әрекеті;
- қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен жаттығулар;
- бақылау, зерттеу әрекеті;
- еңбекке баулу.

Педагог балалардың серуені қызықты және мазмұнды болуы үшін оны қажетті заттар мен материалдармен (ойындар мен бақылауларға, зерттеулерге, еңбек әрекетіне) қамтамасыз етуі, серуеннің білім беру мүмкіндігін барынша қолдана білуі қажет[24].

[https://youtu.be/B0f1AzuHf\\_M](https://youtu.be/B0f1AzuHf_M)

<https://youtu.be/wrdri13Y1gQ>

*Ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы*

Ұйқыға дайындық балалардың күндізгі ұйқысы үшін жағдай жасаудан басталады, ол үшін тыныштық орнату және бөлмені желдетіп, таза ауамен қамтамасыз ету керек.

Ұйқыға дайындықты баяу музыкамен бастауға болады, музыка ырғағымен балалар өздігінен шешінуді, жатын бөлмеге кіріп, кереуетке жатуды әдетке айналдырады. Баяу музыка белсенділікті және қозғыштықты төмендетуге, баланы тыныштандыруға әсер етеді.

Ұйықтар алдында балаларға кітап оқып беру ұсынылады. Ересек топ және мектепалды балалары үшін танымдық әнгімелерді сондай-ақ көлемді көркем шығармаларды оқып беруге болады. Шығармада оқиғаның қалай, неден басталғанын естіген балалар келесі күні сол оқиғаның немен аяқталатынын білгісі



келіп бір-бірін тыныштандырып шығарманы бар ынтасымен тыңдайтын болады. Сондай-ақ балаларға тыңдатуға мәнерлі оқылған аудио жазбаларды да ұсынуға болады.

Балалар белсенді қимыл әрекеттерден кейін демалу керек. Күндізгі ұйқының қанық болуы үшін педагог жағдай жасауы қажет (балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету), ұйықтар алдында балаларға кітап оқу, күнделікті кітап оқып беру олардың дамуы үшін өте маңызды, сондай-ақ балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлеріне баулу мақсатында бесік жырларын, баяу музыканы қоюға болады.

Балалар ұйықтап жатқан кезде педагог олардың жанында болуы керек.

Балаларды түскі ұйқыдан кейін шынықтыру, жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында жатын бөлмесінде денсаулық жолдарын төсеген жөн[24].

<https://youtu.be/-A1MiKr6rSY>

<https://youtu.be/eGV6CI6Bugw>

[https://youtu.be/\\_9\\_DZbf1wGs](https://youtu.be/_9_DZbf1wGs)

<https://youtu.be/C0c16qtJr9I>

<https://youtu.be/X0AZX1GowpM>

<https://youtu.be/2Z32tC08w9c>

*Біртіндеп ұйқыдан ояту, профилактикалық дене шынықтыру-сауықтыру шаралары*

Балаларды күндізгі ұйқыдан біртіндеп оятуды дұрыс ұйымдастыру, тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындауға, олардың көңіл күйін көтеретін жағымды жағдайды жасауға, сондай-ақ балаларды шынықтыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оларды мынадай тәртіппен жүргізу ұсынылады:

- жағымды музыкамен біртіндеп ояту;

- қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, өзіне-өзі массаж жасау және саусақ жаттығуларын орындау;

- массаж жолдармен жүргізу;

- тыныс алу жаттығулары;

- шынықтыратын су шаралары;

- ұйқыдан соң киіну.

Барлық шараларды ойын түрінде тақпақтармен, әндермен сүйемелдеп өткізу ұсынылады.

<https://youtu.be/L4oIkCG4KU8>

<https://youtu.be/7zA2byEZ-dY>

<https://youtu.be/ybLM8PEia8Q>

<https://youtu.be/G9098CEH200>

<https://youtu.be/dcrZB52AjeY>

<https://youtu.be/1I-VzKaPINs>

<https://youtu.be/kvv6c3PxSnc>

*Балалардың үйіне қайтуы*

Ата-аналар балаларын балабақшадан немесе білім беру ұйымынан алып кетуге келгенде, тәрбиеші балаларды жеке-жеке есімімен атап, оларға мейірімділік

танытып, әрқайсысын жақсы көретінін білдіру, балаларының жетістіктері туралы айтып, ата-ананың көзінше баланы мақтау, баланың өзіне, ата-ананың педагогке деген сенімін, ертеңгі күні баланың балабақшаға келуге деген құлшынысын арттыруға ықпал етеді.

Сондықтан әрбір ата-анамен сөйлескенде бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу, ата-ананың білуі тиіс ақпаратты мерзімінде беру, баланың алдымен жетістіктеріне тоқтала отырып, ұсынылады. Бұл өз кезегінде ата-ананың өзін білім беру процесіне белсенді қатысушы ретінде сезінуіне және баланы тәрбиелеу мен дамытуды бірлесіп, ықпалдастықта жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Балабақшада орын алған келеңсіз жағдайлар немесе қандай да бір мәселелер туындаған кезде баланың ата-анасына басқа ата-аналарды немесе баланың өзін қатыстырмай жеке сөйлесу ұсынылады. Кез-келген жағдайда педагог ата – аналармен сыпайы, оларды жалықтырмай сөйлесуі және жеке тәсілді ұстануы қажет.

Дұрыс құрылған күн тәртібі балалардың білім беру ұйымындағы әр сәтін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, балалардың жалығуына жол бермейді.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ САЛАСЫ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІ

Топта (сыныпта) эмоционалдық жайлылықты орнату. Балаларға жылы қабақ таныту, барлық балаға мейірімді, кешірімді болу, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрметпен қарауды, жетістіктеріне қуана білуді, бастамашылдығына қолдау көрсетуді, оларға сенім артуды, әр бала өзін қауіпсіз сезінуі үшін, мұнда оны жақсы көретініне, оған қамқорлық жасайтынына сенімді болуды, баланың жеке басына құрмет көрсетуді және т. б. білдіреді.

Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу.

Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

Сапалы маңызды өзара іс-қимыл - педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету болып табылады.

Педагог келесі функцияларды атқарады:

- ✓ Перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады, «Баланың жеке даму картасын» толтырады;
- ✓ ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- ✓ таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- ✓ балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ✓ ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады;
- ✓ білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді [5].

Жаңа мазмұнды іске асыру педагогтен балаларға нұсқаушы ретінде қарауды емес серіктестік қарым-қатынас жасауды, баламен бірге ойнауды, бірлесіп әрекет жасауды көздейді. Сондықтан баламен күнделікті жұмыс жасау барысында өзіне ыңғайлы киімдерді киюге (спорттық, классикалық) болады.

Ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыруда дәстүрлі форматта емес балалар қызығатындай олардың түрлі әрекеттері арқылы ойын түрінде жаңа форматта ата-аналарды «көрермен» ретінде қабылдамай, оларды ұйымдастырушы ретінде тартып өткізу ұсынылады.

Аталған шараларда таңдалған ән, би, қойылымдар (хит, той әндері мен билері, балаларды қатыгездікке жетелейтін емес) балалардың жасына сәйкес бастысы тәрбиелік мәні болуы қажет.

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (*ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес*) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) *1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);*

2) *1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі.*

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдар **мынадай негізгі міндеттерді** атқарады:

- 1) балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;
- 4) азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- 5) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қимыл жасау;
- 6) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын

корғаубойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту

Жас кезеңдері мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар ) – 2 жастағы балалар;
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескереотырып, оқу жылының басында жасақталады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар; кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалдысынып – 5 жастағы балалар.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарында оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі).

Мектепке дейінгі даярлық сыныптары үшін каникул күндері мектептердің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгіленеді (*ҚР ОАМ №385 бұйрығы*).

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;

- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспар – әрбір айға білім беру ұйымының кестесіне сәйкес Үлгілік оқу жоспарында айқындалған ұйымдастырылған іс-әрекеттері бойынша тәрбиешімен, денешынықтыру нұсқаушысымен, қазақ тілі мұғалімі және музыка жетекшісімен құрылады. Перспективалық жоспарда ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыбы мен Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес міндеттері айқындалады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды.

Циклограмманың «ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімінде Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыптары және түрлі балалар әрекеттері айқындалады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес топтардың толықтырылуы:

1) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) - 25 баладан артық емес.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес педагог келесі функцияларды атқарады:

- ✓ перспективалық жоспарды және циклограмманы (балалардың мектепалды сыныбында болатын мерзімге) құрастырады;
- ✓ ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- ✓ таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- ✓ балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ✓ ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- ✓ білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бірінші сынып оқушысының мектепте оқуға қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептер жанынан жазғы кезеңде мектеп жасына жеткен, бірақ мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін қысқа мерзімді (2 аптадан 1 айға дейін) мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

Қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – бастауыш мектепте оқуға балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін және мектеп жағдайларына табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру.

Курстардың мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының негізінде әзірленген ([www.irrd.kz](http://www.irrd.kz)) және балалар әрекетінің түрлерін кіріктіру арқылы іске асырылады.

Курс балаларда мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабақтар жүйесін ұсынады. Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі – ойын- сабақтар. Барлық сабақтар балаларға қызықты саяхат ретінде (мысалы, квест, логикалық ойындар, саяхат сабақ т. б.) өткізіледі, олардың барысында бала оқу міндеттерін қолжетімді тәсілдермен шешуге үйренеді.

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫН МЕҢГЕРУ БОЙЫНША МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ**

### **Мониторинг жүргізудің әдістері мен тәсілдері**

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;

- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;

- мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;

- диагностика жүргізу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын,

әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын игеру деңгейін есептеу әдістерін;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3) сөйлеуді дамыту;

4) көркем әдебиет;

5) сауат ашу негіздері;

6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);

7) сенсорика;

8) математика негіздері;

9) құрастыру;

10) қоршаған ортамен таныстыру;

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің мазмұнынан күтілетін нәтижелер болып табылады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;

- әңгімелесу;

балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.

*Жетекші әдіс* – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі. *Мониторинг* жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады. Осы жастағы балалардың психо-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес аралық және қорытынды мониторинг жүргізу үшін жеке-жеке критерийлер берілген. Ерте жас тобы Үлгілік бағдарлама мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан оларда бастапқы бақылау жүргізілмейді.

Басқа топтар (сыныптар) үшін Бастапқы бақылау алдыңғы жастың бақылау парақтарымен жүргізіледі (мысалы, ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парақтары қолданылады). Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парақтарымен жүргізіледі. Әрбір бақылауды жүргізу кезінде бақылау парақтарында берілген орынға бастапқы, аралық немесе қорытынды алынып жатқан бақылау кезеңін жазып қою қажет болады.

### **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесі**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жасалды. Мониторингті жүргізу үшін ұйымдастырылған іс-әрекеттердің критерийлері жеке-жеке қайта қаралып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіші топта 4, ортаңғы топта 5, ересек топта 6, мектепалды сыныптары мен топтарында 7 критерий іріктеліп алынды (*1 Қосымша*).

Критерийлер көрсеткіштер ретінде кодпен берілген. Мысалы, «3- Ш.3.» Алғашқы жолдағы «3» саны баланың жасын білдіреді, яғни бала 3 жаста. Бас әріппен берілген «Ш» дегеніміз - «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуды» білдіреді. Келесі «3» саны «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша күтілетін нәтиженің ретін білдіреді.

Бақылау парақтары Excel форматта берілген, сонда алдымен \_\_\_ оқу жылы, мониторинг алынып отырған топтың атауы, өткізу кезеңі мен мерзімі және балалардың аты жөні туралы мәліметтер толтырылады.

Бақылау парақтарында мониторингтің критерийлері (күтілетін нәтижелер) және соған сәйкес 3 индикатор берілген. Мысалы, кіші топ сөйлеуді дамыту бойынша төмендегі кестедегідей толтырылады, бір критерийге берілген 3 индикатордың біреуі (1 санымен) ғана белгіленеді де қалған индикаторларға ешқандай белгі қойылмайды.



Баланың аты-жөні	<b>Критерийлер</b>		
	жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады:		
	<b>Индикаторлар</b>		
	<i>анық айтады</i>	<i>кейбіреуін айтады</i>	<i>анық айта алмайды</i>
Серікбай Айдос		1	

Осылай барлық топтағы балалардың нәтижелерін қойып болған соң Excel бағдарламасы автоматты түрде әрбір индикатордың қорытындысын шығарады.

Мұнда әрбір критерийдің бірінші индикаторы жоғары, екінші индикаторы орташа ал үшінші индикаторы төмен деңгейді білдіреді. Бақылау парағының төменгі жағында берілген ұяшықта балалар мен педагогтің Үлгілік бағдарламаның күтілетін нәтижесіне жетудің пайыздық көрсеткішін және одан төменде орналасқан жоғары, орташа, төмен ұяшықтарында балалардың біліктер мен дағдыларды игеру деңгейінің пайыздық көрсеткішін және соған сәйкес балалардың санын автоматты түрде есептеп шығарады.

Excel форматта берілген қосымшалармен мониторингті жүргізу, мониторингті автоматты түрде жылдам есептеуге мүмкіндік береді.

1) Формула белгілерінің толық жазылуы және есептеу әдістемесі:

$N$  – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша индикаторлардың жалпы саны. Саны балалар тізіміне сәйкес педагогтің белгілеген «1» сандарының қосындысынан шығады.

$$\text{Жоғары нәтиже, \%} = \frac{N_1 * 100\%}{25}$$

$N_1$  - жоғары деңгейдегі индикаторлар саны  $N_2$  – орташа деңгейдегі индикаторлар саны  $N_3$  – төмен деңгейдегі индикаторлар саны

2) Балалардың біліктері мен дағдыларын, құзыреттіліктерін қалыптастыруда педагогтің күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі:

$$\text{Орташа нәтиже, \%} = \frac{N_2 * 100\%}{25}$$

$$\text{Төмен нәтиже, \%} = \frac{N_3 * 100\%}{25}$$

3) Бағыттардың біріне негізделген критерийлер (өлшемшарттар) бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау формуласы:

$$\Phi_{\text{жоғары}} = \frac{(n1_{\phi1} + n1_{\phi2} + n1_{\phi3} + \dots + n1_{\phi n})}{n}$$

$$\Phi_{\text{орташа}} = \frac{(n2_{\phi1} + n2_{\phi2} + n2_{\phi3} + \dots + n2_{\phi n})}{n}$$

$$\Phi_{\text{төмен}} = \frac{(n3_{\phi1} + n3_{\phi2} + n3_{\phi3} + \dots + n3_{\phi n})}{n}$$

Осылайша басқа кодтар бойынша жоғары, орташа, төмен деңгейлерді есептеуге болады.

Excel форматтағы Бақылау парақтарында берілгендей егер топтағы баласаны 25-тен кем немесе артық болған жағдайда таблицадағы ең төменгі ұяшықтың үстінен тінтуірмен бассаңыз жоғарыдағы жолда 25 саны көрінетін формула пайда болады. Оны топтағы қажетті бала санына түзетіп, одан кейін төменгі «педагог пен баланың күтілетін нәтижелерге жетуі» бойынша нәтижелер дұрыс шығуы үшін осы жолақтың бірінші ұяшығын шетінен тінтуірмен шертіп алып, соңына дейін белгілеу қажет. Осылайша топтағы бала санына сәйкес нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Стандартқа сәйкес ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылатындығын ескере отырып, аталған балаларға мониторинг жүргізу үшін берілген критерийлерді бейімдеп жүргізу ұсынылады.

Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарында (түрлі жас топтарында) мониторинг балалардың жасына сәйкес жүргізіледі.

Сонымен осылай әрбір критерийге берілген үш индикаторға сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін, өз білімін қолдана отырып, білік, дағдыларды игеруін, сондай-ақ балалар мен педагогтің күтілетін нәтижеге жету деңгейлерін анықтауға және баланың жеке даму картасын жүргізу үшін алдағы жұмысты жоспарлауға жалпы жеке баламен, топпен тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға болады.

Мониторингті осылай әрбір критерийдің индикаторларына сәйкес белгілеу, мониторингті шынайы жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ топтың Үлгілік бағдарламаны игеруі бойынша толық нәтижесін көруге, Үлгілік бағдарлама мақсатына жетуге әрбір баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскері

берілген қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның мониторингін ұйымдастыру үшін алдымен берілген қосымшаға сәйкес жас топтары бойынша тәрбиешілер мен педагогтердің жасаған мониторингі негізінде жеке-жеке жинақ есепті құрастырады. Жинақ есепке барлық топтар бойынша алынған мәліметтерді енгізген соң қорытындысы балалардың саны мен пайыздық көрсеткіштері автоматты түрде шығады.

Аудандық білім бөлімдері мен облыстық білім басқармаларының әдіскерлері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингті берілген қосымшаларға сәйкес алынған мәліметтерді кестеге енгізген кейін қорытындысы балалардың саны мен пайыздық көрсеткіштері автоматты түрде шығады.

Оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын әзірленеді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізіледі.

Топтың мониторингінен алынған деректер негізінде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізеді.

Бастапқы бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) қазан-желтоқсан, аралық бақылау нәтижесіндегі шаралар ақпан-сәуір, қорытынды бақылау нәтижесіндегі шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі.

Қорытындыға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі жазылады.

Жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі және мектепалды сыныптың тәрбиешісі дербес толтырады.

*1 Қосымша*

### **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторинг критерийлері мен индикаторлары**

<b>Ерте жас тобы (1 жастағы балалар)</b>			
<b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b>			
<b><i>Дене шынықтыру</i></b>			
<b>(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)</b>			
1-Ф.1	негізгі қимыл түрлерінің бастапқы дағдыларын меңгерген		
	<i>меңгерген</i>	<i>ішінара меңгерген</i>	<i>меңгермеген</i>
1-Ф.2	дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіреді:		
	<i>қызығушылық танытады, өзін ретке келтіреді</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады, өзін ретке келтіруге тырысады</i>	<i>қызығушылық танытпайды, сыртқы келбетіне мән бермейді</i>
1-Ф.3	тура жолдың бойымен жүреді:		
	<i>жүреді</i>	<i>жүруге талпынады</i>	<i>жүрмейді</i>

<b>(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)</b>			
1-Ф.4	заттардың арасымен жүреді:		
	жүреді	жүруге талпынады	жүрмейді
1-Ф.5	жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтеріледі және одан түседі:		
	қызығушылықпен көтеріліп, түседі	заттарға көтеріліп, түсуге талпынады	қызығушылық танытпайды
1-Ф.6	ересектердің көрсетуімен жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды:		
	орындайды	ішінара орындайды	орындауға талпынбайды
1-Ф.7	ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсетудің қарапайым дағдыларын сақтайды:		
	сақтайды	сақтауға тырысады	сақтауға талпынбайды
<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b>			
<b>Сөйлеуді дамыту</b>			
<b>(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)</b>			
1-К.1	суреттерден айтылған сөзге сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды табады және көрсетеді:		
	табады, көрсетеді	ішінара табады, кейбіреуін көрсетеді	табуға талпынбайды
1-К.2	дыбыстық тіркестер мен кейбір сөздерді еліктей отырып, айтады		
	дұрыс айтады	кейбіреуін айтады	айта алмайды
1-К.3	эмоционалды көңіл-күйді түсінеді және өзінің эмоциясын ым-ишарамен көрсетеді:		
	түсінеді, эмоциясын көрсете алады	ішінара түсінеді, эмоциясын көрсетуге тырысады	эмоциясын білдірмейді
<b>(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)</b>			
1-К.4	заттардың атын, түсін, мөлшерін, көлемін, орнын біледі және атайды:		
	біледі, атайды	кейбіреуін біледі, атайды	біледі, бірақ атай алмайды
1-К.5	сөзбен немесе қысқа сөз тіркестерімен өз өтінішін білдіреді:		
	өтінішін жеткізеді	жеткізуге тырысады	жеткізе алмайды
1-К.6	ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындарды ойнайды:		
	қуана ойнайды	ішінара ойнайды	қызығушылық танытпайды
1-К.7	екі, үш сөзден тұратын сөйлемді айтады:		
	айтады	толық айта алмайды	айта алмайды
<b>Көркем әдебиет</b>			
<b>(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)</b>			
1-К.8	шағын, мазмұны түсінікті әңгімелерді, тақпақтар мен өлеңдерді қызығушылықпен тыңдайды және түсінеді:		
	тыңдайды, түсінеді	ішінара түсінеді	тыңдайды, бірақ түсінбейді
1-К.9	жалпақ және көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарайды:		
	қызығушылықпен қарайды	ішінара қарайды	қарамайды
<b>(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)</b>			
1-К.10	көрнекіліксіз таныс шығармаларды тыңдайды:		

	<i>ықыласпен тыңдайды</i>	<i>тыңдауға талпынады</i>	<i>тыңдамайды</i>
1-К.11	кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарайды, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетеді:		
	<i>қызыға қарайды, кейіпкерлерді көрсетеді</i>	<i>қарайды, көрсетуге талпынады</i>	<i>қарайды, бірақ көрсетпейді</i>
1-К.12	оқылған таныс шығармалардағы, өлеңдердегі сөздер мен сөз тіркестерін қайталап айтады:		
	<i>қайталайды</i>	<i>қайталауға талпынады</i>	<i>қайталамайды</i>
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>			
<b>Сенсорика</b>			
<b>(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)</b>			
1-Т.1	заттармен әртүрлі әрекеттер орындайды:		
	<i>қуана орындайды</i>	<i>ішінара орындайды</i>	<i>орындауға талпынбайды</i>
1-Т.2	заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастырады:		
	<i>орналастырады</i>	<i>орналастыруға тырысады</i>	<i>орналастыра алмайды</i>
<b>(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)</b>			
1-Т.3	күрделі заттармен әрекеттерді орындайды:		
	<i>қызығушылықпен орындайды</i>	<i>кейбір әрекеттерді орындайды</i>	<i>орындауға талпынады</i>
1-Т.4	біртекті заттарды ортақ белгісі (өлшемі, пішіні) бойынша топтастыра біледі:		
	<i>дұрыс топтастырады</i>	<i>дұрыс топтастырады</i>	<i>дұрыс топтастырады</i>
1-Т.5	негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажыратады:		
	<i>ажыратады</i>	<i>екі түсті ажыратады</i>	<i>ажырата алмайды</i>
<b>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b>			
<b>Мүсіндеу</b>			
<b>(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)</b>			
1-Ш.1	<i>мүсіндеуге қызығушылық танытады</i>		
	<i>қуанады</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>қызықпайды</i>
1-Ш.2	ермексазды, сазбалшықты алақан арасында домалата алады:		
	<i>домалата алады</i>	<i>домалатуға талпынады</i>	<i>домалата алмайды</i>
<b>(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)</b>			
1-Ш.3	жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндейді:		
	<i>қызығушылықпен мүсіндейді</i>	<i>мүсіндеуге тырысады</i>	<i>мүсіндей алмайды</i>
1-Ш.4	тәрбиешінің көрсетуі бойынша алынған пішіндерді құрастыра біледі:		
	<i>құрастырады</i>	<i>құрастыруға тырысады</i>	<i>құрастыра алмайды</i>
<b>Музыка</b>			
<b>(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)</b>			
1-Ш.5	музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады:		
	<i>қызығушылық танытады</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
1-Ш.6	музыкамен жүре алады:		
	<i>жүреді</i>	<i>жүруге талпынады</i>	<i>жүре алмайды</i>

1-Ш.7	ересектердің орындаған әндерін тыңдайды:		
	<i>ықыласпен тыңдайды</i>	<i>кейде тыңдайды</i>	<i>тыңдамайды</i>
<b>(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)</b>			
1-Ш.8	таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдайды, оны соңына дейін тыңдайды:		
	<i>қабылдайды және тыңдайды</i>	<i>қабылдайды, бірақ соңына дейін тыңдамайды</i>	<i>қабылдамайды, ішінара тыңдайды</i>
1-Ш.9	ересекпен қосылып әннің кейбір сөздерін айтады:		
	<i>айтады</i>	<i>айтуға тырысады</i>	<i>айта алмайды</i>
1-Ш.10	жалаушаны желбіретеді, сылдырмақты сылдырлатады:		
	<i>желбіретеді, сылдырлатады</i>	<i>әрекеттерді орындауға талпынады</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b>			
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>			
<b>(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)</b>			
1-Ә.1	өзіне жақын адамдарға күлімсіреді, басын изейді, қолын бұлғайды:		
	<i>жақын адамдарын жақсы көреді</i>	<i>жақын адамдарын таниды</i>	<i>көңіл-күйі болмаса оларға көңіл бөлмейді</i>
1-Ә.2	қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылық танытады:		
	<i>қызығушылық танытады</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
<b>(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)</b>			
1-Ә.3	ересектердің дауысын тыңдайды, олардың қимылдарына еліктейді, оған көмекке жүгінеді:		
	<i>тыңдайды, еліктейді, жүгінеді</i>	<i>тыңдайды, ішінара еліктейді және жүгінеді</i>	<i>тыңдамайды, бірақ көмекке жүгінеді</i>
1-Ә.4	гүлдеп тұрған өсімдікті бақылайды және оның бөліктерін көрсетеді:		
	<i>бақылайды, бөліктерін көрсетеді</i>	<i>бақылайды, бірақ бөліктерін көрсетпейді</i>	<i>өсімдіктерге назар аудармайды</i>
1-Ә.5	серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтайды:		
	<i>ережелерді сақтайды</i>	<i>ішінара сақтайды</i>	<i>сақтауға талпынады</i>

<b>Кіші топ (2 жастағы балалар)</b>			
<b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b>			
<i>Дене шынықтыру</i>			
2-Ф.1	қарқынды өзгертіп жүреді, жүгіреді:		
	<i>қарқынды өзгертіп жүреді, жүгіреді</i>	<i>қарқынды кейде өзгертеді</i>	<i>қарқынды өзгертуге талпынбайды</i>
2-Ф.2	заттардың бойымен, астымен еңбектейді:		
	<i>орындайды</i>	<i>орындауға талпынады</i>	<i>орындамайды</i>
2-Ф.3	бетін, қолдарын өз бетінше жуады:		
	<i>өз бетінше жуады</i>	<i>өз бетінше жууға тырысады</i>	<i>өз бетінше жумайды</i>

2- Ф.4	белгілі бір ретпен киінеді және шешінеді:		
	<i>киініп, шешінудің ретін біледі</i>	<i>өзі киініп, шешінуге талпынады</i>	<i>киініп шешіну ретін сақтамайды</i>
<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b>			
<b>Сөйлеуді дамыту</b>			
2-К.1	ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді:		
	<i>тыңдайды, түсінеді</i>	<i>ішінара түсінеді</i>	<i>тыңдайды, бірақ түсінбейді</i>
2-К.2	жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады:		
	<i>айтады</i>	<i>айтуға талпынады</i>	<i>айтпайды</i>
2-К.3	қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады:		
	<i>айтады</i>	<i>айтуға талпынады</i>	<i>айта алмайды</i>
2-К.4	шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді:		
	<i>жауап береді</i>	<i>тыңдайды, кейбір сұрақтарға жауап береді</i>	<i>тыңдайды, бірақ сұрақтарға жауап бере алмайды</i>
<b>Көркем әдебиет</b>			
2-К.5	оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады:		
	<i>айтады</i>	<i>айтуға тырысады</i>	<i>айтпайды</i>
2-К.6	таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды:		
	<i>қызығушылықпен тыңдайды</i>	<i>ішінара тыңдайды</i>	<i>тыңдағысы келмейді</i>
2-К.7	кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді:		
	<i>сұрақтарға дұрыс жауап береді</i>	<i>кейбір сұрақтарға жауап береді</i>	<i>сұрақтарға жауап бермейді</i>
2-К.8	педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады:		
	<i>қайталап айтады</i>	<i>кейбір сөздерін қайталайды</i>	<i>қайталауға талпынбайды</i>
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>			
<b>Сенсорика</b>			
2-Т.1	үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды:		
	<i>дұрыс орындайды</i>	<i>орындауға талпынады</i>	<i>орындай алмайды</i>
2-Т.2	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады:		
	<i>топтастырады</i>	<i>кейбіреуін топтастырады</i>	<i>топтастыра алмайды</i>
2-Т.3	түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады:		
	<i>салыстырады</i>	<i>ішінара салыстырады</i>	<i>салыстыра алмайды</i>
2-Т.4	түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады:		
	<i>зерттейді, салыстырады</i>	<i>ішінара зерттейді және салыстырады</i>	<i>зерттейді, бірақ салыстыра алмайды</i>
<b>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b>			
<b>Сурет салу</b>			
2- Ш.1	қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді:		
	<i>дұрыс ұстайды, сызықтарды жүргізеді</i>	<i>дұрыс ұстайды, сызықтарды жүргізуге талпынады</i>	<i>дұрыс ұстай алмайды, сызықтарды жүргізуде қиналады</i>

2-Ш.2	өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады:		
	<i>қуанады, айтады</i>	<i>айтуға талпынады</i>	<i>қуанады, айта алмайды</i>
2-Ш.3	қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салады:		
	<i>салады</i>	<i>салуга тырысады</i>	<i>сала алмайды</i>
2-Ш.4	қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген:		
	<i>меңгерген</i>	<i>кейбіреуін меңгерген</i>	<i>меңгеруге талпынады</i>
<b>Мүсіндеу</b>			
2-Ш.5	мүсіндейтін заттарды зерттейді:		
	<i>зерттейді</i>	<i>ішінара зерттейді</i>	<i>зерттеуге талпынбайды</i>
2-Ш.6	мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады):		
	<i>қолдана алады</i>	<i>ішінара меңгерген</i>	<i>меңгермеген</i>
2-Ш.7	кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетеді:		
	<i>тереңдетеді</i>	<i>тереңдетуге талпынады</i>	<i>орындай алмайды</i>
2-Ш.8	дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастырады:		
	<i>орналастырады, жинастырады</i>	<i>орналастыруға, жинастыруға талпынады</i>	<i>орналастыра алмайды, материалдарды жинастырмайды</i>
<b>Жапсыру</b>			
2-Ш.9	қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі:		
	<i>біледі</i>	<i>ішінара біледі</i>	<i>білмейді</i>
2-Ш.10	бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады:		
	<i>қояды, құрастырады</i>	<i>қояды, құрастыруға талпынады</i>	<i>орналастырады, бірақ құрастыра алмайды</i>
2-Ш.11	фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады:		
	<i>орналастырады, құрастырады</i>	<i>орналастырады, ішінара құрастырады</i>	<i>орналастырады, бірақ құрастыра алмайды</i>
2-Ш.12	симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырады:		
	<i>орналастыра алады</i>	<i>орналастыруға талпынады</i>	<i>орналастыра алмайды</i>
<b>Құрастыру</b>			
2-Ш.13	қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады:		
	<i>үлгіге қарап, құрастырады</i>	<i>үлгіге мән бермейді, бірақ құрастырады</i>	<i>құрастыра алмайды</i>
2-Ш.14	тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды:		
	<i>атайды, ойнайды</i>	<i>ішінара атайды, ойнайды</i>	<i>дұрыс атай алмайды, бірақ ойнайды</i>
2-Ш.15	өз бетінше құрастыруға тырысады:		
	<i>белсенділік танытады</i>	<i>ішінара құрастырады</i>	<i>құрастырмайды</i>
2-Ш.16	қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады:		
	<i>ұқыпты жинастырады</i>	<i>жинастыруға тырысады</i>	<i>жинастырмайды</i>
<b>Музыка</b>			
2-Ш.17	педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады:		



	<i>еліктейді, қосып айтады</i>	<i>еліктейді, кейбіреуін қосып айтады</i>	<i>қосып айтуға талпынады</i>
2-Ш.18	бұрын естіген әндерді таниды:		
	<i>таныс әндерді естігенде қуанады</i>	<i>кейбіреуін таниды</i>	<i>мән бермейді</i>
2-Ш.19	ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады):		
	<i>ересектерге еліктеп, қайталайды</i>	<i>кейбіреуін қайталайды</i>	<i>қайталауға тырысады</i>
2-Ш.20	музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ):		
	<i>барлығын ажыратады</i>	<i>кейбіреуін ажыратады</i>	<i>ажырата алмайды</i>
<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b>			
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>			
2-Ә.1	есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды:		
	<i>жауап береді, таниды</i>	<i>жауап беруге талпынады, кейде таниды</i>	<i>жауап бермейді, танымайды</i>
2-Ә.2	заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды:		
	<i>заттармен әрекет етеді, оларды таниды</i>	<i>заттарды таниды, бірақ әрекет етуді білмейді</i>	<i>заттармен әрекет етуге талпынады</i>
2-Ә.3	дәмі, сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады және атайды:		
	<i>ажыратады, атайды</i>	<i>ішінара атайды</i>	<i>ажыратпайды, атай алмайды</i>
2-Ә.4	өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады: оларды жақсы көреді, сипайды:		
	<i>қамқорлық танытады</i>	<i>қамқорлық танытуға тырысады</i>	<i>қамқорлық танытпайды</i>
<b>Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)</b>			
<b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b>			
<b>Дене шынықтыру</b>			
3-Ф.1	аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, жартылай отырып, жүреді, сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді:		
	<i>дұрыс жүреді, жүгіреді</i>	<i>жүруге, жүгіруге талпынады</i>	<i>жүруге, жүгіруге қызығушылық танытпайды</i>
3-Ф.2	тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді, оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады:		
	<i>нұсқауға сәйкес секіреді, лақтырады</i>	<i>дұрыс секіруге, лақтыруға талпынады</i>	<i>секірудің, лақтырудың қарапайым әдісін меңгерген</i>
3-Ф.3	заттардың арасымен еңбектейді, гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі:		
	<i>еңбектейді, өрмелейді</i>	<i>еңбектеуге, өрмелеуге, заттардан түсуге талпынады</i>	<i>бұл әрекеттерді орындай алмайды</i>
3-Ф.4	өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие:		
	<i>өзіне-өзі қызмет көрсете алады</i>	<i>кейбір дағдыларды меңгерген</i>	<i>дағдыларды меңгермеген</i>
	күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі:		

3-Ф.5	дағдыларды сақтайды	дағдыларды меңгерген	дағдыларды сақтауға талпынады
<b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b>			
<b>Сөйлеуді дамыту</b>			
3-К.1	дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады:		
	анық айтады	кейбіреуін айтады	анық айта алмайды
3-К.2	қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді:		
	сұрақтарға жауап береді	кейбіреуіне жауап береді	жауап бермейді
3-К.3	сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады:		
	байланыстыра алады	кейбіреуін байланыстырады	байланыстыра алмайды
3-К.4	дұрыс сөйлеу қарқынына ие:		
	сөйлегенде қарқынды сақтайды	ішінара сақтайды	сақтауға талпынады
3-К.5	естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады:		
	анық айтады	айтып беруге тырысады	айта алмайды
<b>Көркем әдебиет</b>			
3-К.6	кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады, көрген суреттері бойынша өз ойын айтады:		
	қарастырады, ойын анық айтады	қарастырады, өз ойын толық жеткізе алмайды	қарастырады бірақ өз ойын айта алмайды
3-К.7	әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді, сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады:		
	тыңдайды, түсінеді, жанашырлық танытады	ішінара түсінеді, жанашырлық танытады	тыңдайды, түсінбейді, жанашырлық танытпайды
3-К.8	ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды:		
	қызығып ойнайды, рөлдерді сомдайды	ішінара ойнайды, сомдауға талпынады	ойнамайды, сомдай алмайды
3-К.9	оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады:		
	қайталап айтады	қайталап айтуға талпынады	анық айта алмайды
3-К.10	тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады:		
	мәнерлеп, жатқа айтады	жатқа айтады, бірақ мәнерлеп айта алмайды	сөздерді анық айтпайды
<b>Қазақ тілі</b>			
3-К.11	қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады:		
	анық айтады	кейбіреуін айтады	анық айта алмайды
3-К.12	өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді:		
	тыңдайды, түсінеді	кейбіреуін түсінеді	тыңдайды, бірақ түсінбейді
3-К.13	күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады:		
	түсінеді, дұрыс қолданады	ішінара түсінеді, қолданады	түсінеді, бірақ дұрыс қолдана алмайды
	ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады:		

3- К.14	<i>тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады</i>	<i>тыңдайды, түсінеді, ойын айтуға тырысады</i>	<i>тыңдайды, ішінара түсінеді, ойын анық жеткізе алмайды</i>
3- К.15	таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады:		
	<i>қайталап айтады, сұрақтарға жауап береді</i>	<i>қайталап айтуға талпынады</i>	<i>қайталап айта алмайды, бірақ сұрақтарға жауап береді</i>
<b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b>			
<b>Математика негіздері</b>			
3-Т.1	«бір», «көп» ұғымдарын ажыратады:		
	<i>дұрыс ажыратады</i>	<i>ішінара ажыратады</i>	<i>ажыратуға талпынады</i>
3-Т.2	жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді:		
	<i>тануға ұмтылады, заттарды зерттейді</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>тануға, зерттеуге талпынады</i>
3-Т.3	ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады:		
	<i>салыстыра алады</i>	<i>кейбіреуін салыстырады</i>	<i>салыстыра алмайды</i>
3-Т.4	ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды:		
	<i>зерттейді, атайды</i>	<i>зерттейді, ішінара атайды</i>	<i>зерттейді, бірақ атай алмайды</i>
3-Т.5	өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды:		
	<i>анықтайды</i>	<i>ішінара анықтайды</i>	<i>анықтай алмайды</i>
<b>Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</b>			
<b>Сурет салу</b>			
3- Ш.1	сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі:		
	<i>қолдана алады</i>	<i>кейбіреуін қолданады</i>	<i>қолдана алмайды</i>
3- Ш.2	негізгі түстерді дұрыс атайды:		
	<i>дұрыс атайды</i>	<i>кейбіреуін атайды</i>	<i>толық атай алмайды</i>
3- Ш.3	тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады:		
	<i>орналастыра алады</i>	<i>кейбіреуін орналастырады</i>	<i>орналастыруға тырысады</i>
3- Ш.4	пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген:		
	<i>игерген</i>	<i>дағдыларды ішінара меңгерген</i>	<i>игерген дағдыларын қолдануға талпынады</i>
3- Ш.5	сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды:		
	<i>суретті ұқыпты салады, қауіпсіздікті сақтайды</i>	<i>суретті ұқыпты салуға, қауіпсіздікті сақтауға тырысады</i>	<i>ұқыптылық танытуға тырысады, қауіпсіздікті ішінара сақтайды</i>
<b>Мүсіндеу</b>			
3- Ш.6	мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады:		
	<i>пайдаланады</i>	<i>ішінара қолданады</i>	<i>қолдануға тырысады</i>
3- Ш.7	бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндейді:		
	<i>мүсіндей алады</i>	<i>мүсіндеуге тырысады</i>	<i>мүсіндейді, бірақ бөліктерді біріктіре алмайды</i>
	заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады:		

3-Ш.8	<i>мүсіндеуде дербестік танытады</i>	<i>өз бетінше мүсіндеуге талпынады</i>	<i>ересектің көмегімен мүсіндейді</i>
3-Ш.9	жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді:		
	<i>біріктіреді</i>	<i>ішінара біріктіреді</i>	<i>біріктіруге тырысады</i>
3-Ш.10	мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды:		
	<i>қауіпсіздікті сақтайды</i>	<i>қауіпсіздіктің кейбір ережелерін сақтауға талпынады</i>	<i>ескерткен кезде қауіпсіздікті сақтайды</i>
<b>Жапсыру</b>			
3-Ш.11	желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген:		
	<i>игерген</i>	<i>ішінара игерген</i>	<i>игеруге талпынады</i>
3-Ш.12	бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады:		
	<i>пішіндерді таңдайды</i>	<i>кейбіреуін таңдай алады</i>	<i>таңдауға тырысады</i>
3-Ш.13	ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді:		
